Әділет

# 2009 жылға арналған бір жолдық талондардың және салықтың жекелеген түрлеріне арналған ставкалар мөлшерінің құнын белгілеу туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 10 сессиясының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 10/119 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданы Әділет басқармасында 2009 жылы 12 қаңтарда N 8-9-51 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 18/217 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2009.12.21 N 18/217* шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы", 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодекстеріне, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы " Нормативтік құқықтық актілер туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексін қолданысқа енгізу туралы" Зандарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған Абай ауданының базарларындағы бір жолдық талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Эпизодтық сипаттағы 2009 жылға арналған кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған бір жолғы талонның құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Абай ауданында орналасқан бір салық салу объектісіне тіркелген салық ставкаларының 2009 жылға арналған мөлшерлері 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Аудандық мәслихаттың бұрын қабылданған шешімдерінің:

1) 2007 жылғы 27 желтоқсандағы мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-9-37, 2008 жылғы 18 қаңтардағы "Абай-Ақиқат" аудандық газетінің N 3 (3696) жарияланған, 2007 жылғы 19 желтоқсандағы "Салықтың жекелеген түрлеріне арналған ставкалардың мөлшері туралы" N 5/36;

2) 2008 жылғы 14 шілдедегі мемлекеттік тіркеу нөмірі 8-9-45, 2008 жылғы 25 шілдедегі "Абай-Ақиқат" аудандық газетінің N 30 (3724) жарияланған, " Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 желтоқсандағы 5 кезекті сессиясының "

Салықтың жекелеген түрлеріне арналған ставкалардың мөлшері туралы" N 5/36 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 2 шілдедегі N 8/96 күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң күшіне енеді.

*Сессия төрағасы Л. Коронец*

*Абай аудандық мәслихатының хатшысы Б. Цай*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Абай ауданы бойынша салық басқармасының бастығы төрағасы Қ. Алин*

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы 10 кезекті сессиясының N 10/119 шешіміне 1 қосымша

## 2009 жылға арналған Абай ауданының базарларындағы бір жолдық талондардың құны

| р/с | Базар атауы | Мамандандыру | Сауда орнының түрі | Сауда орнының ауданы, шаршы метр | 1 күнгі айлық есептік көрсеткішінен % алғандағы 1 ш.м аудан жиынының ставкасы | Бір жолд талондар құ күнге теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жеке кәсіпкер базары Қырықбесов Абай қаласы | өндірістік | сату орны | 3,2 | 5 | 203,68 |
| | | азық-түліктік | ет сату орны | 3,9 | 6 | 297,88 |
| | | | сату орны | 3,2 | 6 | 244,42 |
| | | | сүт сату орны | 1,5 | 4 | 76,38 |
| | | | қолдан сату орны | 1 | 4 | 50,92 |
| | | | саяжайдан сату | 1,5 | 1 | 19,09 |
| 2 | "Мәдина 2004" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, базар | өндірістік | сату орны | 3,2 | 5 | 203,68 |
| | | азық-түліктік | ет сату орны | 2,8 | 6 | 213,86 |
| | | | сату орны | 3,9 | 6 | 297,88 |
| | | | машинадан | 12 | 7 | 1069,32 |
| | | | дүңгіршектен сату | 6 | 4 | 305,52 |
| | | | сүт сату | 1,5 | 4 | 76,38 |
| | | | қолдан сату | 1 | | 50,92 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 4 | |
| | | | саяжайдан сату | 1,5 | 1 | 19,09 |
| 3 | Жеке кәсіпкер базары Каменов, Абай қаласы | өндірістік | сату орны | 3,2 | 5 | 203,68 |
| | | азық-түліктік | сату орны | 2,8 | 6 | 213,86 |
| | | | ет сату орны | 3,9 | 6 | 297,88 |
| 4 | "Асен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, базар Топар кенті | өндірістік | сату орны | 3,2 | 5 | 203,68 |
| | | азық-түліктік | сату орны | 2,8 | 5 | 178,22 |
| | | | машинадан | 12 | 6 | 916,56 |
| | | | саяжайдан сату | 1,5 | 1 | 19,09 |
| 5 | Жеке кәсіпкер базары Әбілғазин, Топар кенті | азық-түліктік | ет сату орны | 3,9 | 6 | 297,88 |

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы 10 кезекті сессиясының N 10/119 шешіміне 2 қосымша

## Эпизодтық сипаттағы 2009 жылға арналған кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған бір жолғы талонның құны

| р/с | Эпизодтық сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің түрлері Сату: (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы) | Айлық есептік көрсеткіштен % алғандағы бір күнге бір жолғы талон құны | Бір жолды талондар құны күнге теңге |
|---|---|---|---|
| 1. | Газеттер мен журналдар | 7,00 | 89,11 |
| 2. | Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет) | 1,00 | 12,73 |
| 3. | Бақша дақылдары | 13,00 | 165,49 |
| 4. | Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер | 10,00 | 127,30 |
| 5. | Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау | 4,00 | 50,92 |
| 6. | Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп | 4,00 | 50,92 |
| 7. | Сыпырғылыр, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық | 4,00 | 50,92 |
| 9. | Үй жануарлары мен құстарды жаю | 3,8 | 48,37 |
| 10. | Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері | 24,00 | 305,52 |

Ескерту: айлық көрсеткіштен алынған пайыз мөлшеріндегі соманы 50 тиыннан жоғары 1-ге дейінгі үлкен шамаға дөңгелектеу.

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 25 желтоқсандағы 10 кезекті сессиясының N 10/119 шешіміне 3 қосымша

**Абай ауданында орналасқан бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкаларының 2009 жылға арналған мөлшерлері**

| N | Тіркелген жиынтық салық салық салу объектісі | Бір жылғы айлық есептік көрсеткішіндегі объектіге тіркелген жиынтық салығын мөлшері |
|---|---|---|
| 1 | Бір ойыншымен ойын жүргізуге арналған ұтыс ақшасыз ойын автоматы | 1 |
| 2 | Бірнеше ойыншылардың қатысуымен ойын жүргізуге арналған ұтыс ақшасыз ойын автоматы (электронды рулеткасыз) | 1 |
| 3 | Ойындарды өткізу үшін пайдаланатын жеке компьютер | 1 |
| 4 | Ойын жолы | 5 |
| 5 | Карталар | 2 |
| 6 | Бильярд үстелі | 3 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК